

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

АҒЫЛШЫН ТІЛІ БІЛІМДІЛІГІН ДАМУҒА АРНАЛҒАН ИНТЕРНЕТ ЖЕЛІЛІК РЕСУРСТАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тусипжанова Динара Бауыржановна

t.dinara_93@mail.ru

Филология факультетінің ІІ курс магистранты,

Л.Н. Гумилев атынағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі-PhD доцент, Досжан Г.А.

Қазіргі таңда жас өспірімдер сабақ барысында тек қана тыңдаушының рөлін атқарғысы келмейді, мұғалімнің дәрістері, дайын рецептерді жазып алу қызықтырмайды. Әсіресе, тілді оқу барысындағы ұстаздардың берген бағдары, білім алушының жеке бас қасиеттері, қызығушылығы мен білуге талап еткен тақырыптарына сәйкес келмеуі мүмкін. Сонымен қатар, Қазақстанның білім жүйесіндегі дәстүрлі әдістердің кең түрде қолданылуы, ағылшын тілін оқыту сапасының төмен болуына себеп болуы мүмкін. «Ешбір адамға білім алу мен жетілу беріле салмайды немесе тек айтумен ғана іске аспайды. Оған қол жеткізуге тырысатын әрбір жан соған өз еңбегімен, өз күшімен ұмтылуы тиіс», деп Дистерверг қазіргі заманның білімге деген талабын айтып кеткен боатын. [1] Сол себепті, қазіргі заман ұрпақтарын оқыту және оларды тәрбиелеуге жаңа көзқарас, жаңа тәсіл керек, жаңа педагогикалық ізденістер мен идеяларды қажет етеді. Жаңа педагог рөлін арттыратын үрдіс жүргізілуі тиіс, бұрынғы педагог-информатордан қазіргі кездегі оқушыларға арнаған заманауи технологияларды, әсіресе Интернет-ресурстарын пайдалана алатын ұйымдастырушы педагог дәрежесіне көтерілуі тиіс.

Жалпы, оқу орындарындағы ағылшын тілін үйретудің қазіргі уақыттағы және он жыл бұрынғы деңгейлерін салыстырсақ үлкен айырмашылықтарды байқаймыз. Ұстаздың асқан шеберлігі мен сабақ барысында қолданатын әдістерінің, білім алушылардың тілдік деңгейін қысқа уақыт аралығында қалыптастыру үрдістерін ерекше атап өтсек болады. Интернет-ресурстарын қолдану әрбір тұлғаның қабілет ерекшеліктері, яғни білім алушылардың білім деңгейі мен жеке бас қасиеттеріне негізделіп тілдік дағдыны дамытуға көмектеседі. Сонымен қатар, Интернет-ресурстары ұстаз бен оқушы арасындағы шығармашылық және достық қарым-қатынастың нығаюын қамтамасыз етеді.

Интернет пен білім беру бір-бірімен тығыз байланысты. Интернет-ақпараттың вербалдық қолданылу әрекетінің аймағын кеңейтетін ақпарат алмасудың негізгі техникалық құралы. Интернет арқылы тек ағылшын тілінде ғана емес, сонымен қатар әлемдегі барлық тілдерді үйренуге арналған аутенттік материалдар мен тексттік, аудио мен видео форматтардағы оқу ресурстарын қолдануға және сол тілде шынайы қарым-қатынстың жүзеге асуына мүмкіндік береді. Тек интернет желісінің көмегі арқылы тілдің түпнұсқадағы қолданылу ортасын құра отырып, ағылшын тілін оқудағы қажеттіліктерді қалыптастырудың міндеттерін анықтайды.

Жалпы, ұстаздың білім берудегі мақсаты-әрбір білімгер үшін практикалық ортаны түзу болып табылады және сол мақсатты жүзеге асыру үшін әрбір студенттің тілдік қабілеттерін және шығармашылығын таныту әдістерін таңдау. Сол практикалық ортаны түзуде Интернет-ресурстарын қолдану келесідей жұмыстардың формалары түрінде жүзеге асырылады:

- Лексиканы үйрету;
- Айтылу дұрыстығын машықтау;
- Диалогтық және монологтық сөйлеу қабілеттерін дамыту;
- Жазуға үйрету;
- Грамматикалық қабілеттердің мардымды қолдану;
- Даралық коммуникативтік және шығармашылық қабілеттерін арттыру. [2]

Ағылшын тілін үйрену процесіндегі Интернеттің беретін мүмкіндіктері мен қызметтеріне толығырақ тоқталсақ, келесілерді атап өтуімізге болады: мысалы, білім

алушылар Интернет желілерінде белгілі анықталған құжаттардағы тапсырмалар мен жаттығуларды орындай алады, электронды пошта арқылы өзара және өзге ұлт өкілдерімен ақпарат алмасып, виртуалды қатынас клубтарына, телеконференцияларға қатыса алады. Ағылшын тілінде бейнероликтер көруге, яки ақпараттың түрлі формада қолдануға, іздеу жүйелері арқылы қысқа мерзім аралығында қолдану мүмкіндіктерін береді. Сонымен қатар, Интернет-ресурстарын қолданудың мынадай ерекшеліктері бар:

- 1) Дыбыстық және көрме көрнекіліктерді байыта түседі және олардың барлық білім алушылар үшін түсінікті болуын қамтамасыз етеді;
 - 2) Шығармашылық ойлау қабілетін дамытады;
 - 3) Аудиториялық оқытуға кеткен уақытты өзіндік білім алу қабілетін дамыта отырып, уақыт үнемдейді;
 - 4) Дидактикалық жағдаяттарды программалауға және бақылауға мүмкіндік береді;
 - 5) Білім беру үрдісін барлық білім алушыларға қызықты қылады; [3]
- Жоғарыда көрсетілген ақпараттарды пайдалану Интернет желісінде мынадай ресурстардан көрініс табады:
- 6) ақпараттық каталогтар: Yahoo, InfoSeek, UltraSmart, Galaxy, Google, Google +, Яндекс т.б. ;
 - 7) электрондық пошта (e-mail, g-mail);
 - 8) интернет-желісінде жеке ақпараттарды жария ету, бет ашу (Homepage, Web);
 - 9) жеке ақпараттық, түрлі суреттер мен материалдар алмасу, қатынас жасау желілік ресурстары (VK, Facebook, Twitter, Instagram and etc.)
 - 10) түрлі бағытта бейнелік қоңырау шалу (Skype);
 - 11) жеке ақпараттар мен материалдар базасын сақтау желілік ресурстары (Delicious, Padlet, Niceret)
 - 12) бейнероликтік ресурстары (YouTube, TED. Current);
 - 13) түрлі мемлекет аралық сайттар жүйесі (org, net, kz, ru және т.б.). [4]
 - 14) ағылшын тілі білімділігін дамытуға арналған сайттар: Dave's ESL Cafe (<http://www.eslcafe.com>), ESL Lounge (<http://www.esl-lounge.com/index.html>), English Club (<http://www.englishclub.com>), Pearson Brown's Better English Exercises (<http://www.better-english.comexerciselist.html>) және т.б.
 - 15) Тілдік сөйлеу дағдыларын дамытуға арналған сайттар: Speech activities (<http://www.quia.com/speech.tml>).

Интернет желісі аясында білім берушілер мен алушыларға ауқымды ресурстық бағдарламалар ұсынылған. Соның ішінде, басылым үйі Person Education қазіргі таңда 2000-ға жуық вебсайттар мен он-лайн курстарын шығарды. Вебсайттардың көбі әрбір екі апта сайын ақпараттар қоры жаңартылып, білім алушыларға жаңа мағлұматтарды пайдалану және анализден өткізіп, актуальды проблемаларды талқылау мүмкіндіктеріне ие. Ал ұстаздар, Интернет желісіндегі Current Events сайты ресурсынан газет, журналдардан түрлі мақалалар таба алады. Арнайы ұстаздарға көмек ретінде мақалалар қатарына қосымша талқыға арнаулы сұрақтар мен мәселелер қарастырылған. Сонымен қатар, студенттер бұл Интернет желілік ресурстардан кең көлемді тесттер мен жаттығу жинағы және олардың дұрыс орындалуын тексеруге болады. [5]

Интернет желісіндегі тілді үйренуге арналған ресурстар қатарында, әсіресе ауқымды түрде қолданысқа он-лайн курстар ие. Он-лайн курстардың ең басты ерекшелігі-бақылау. Ұстаздар білім алушыларының белгілі сайттардағы тапсырманы орындауға кетірген уақыт пен торындаған тесттердің қорытындысын сол сәтте ала алады. Бүгінгі күнгі желілік курстар анимациялар, бейнеклиптер мен интерактивті тапсырмаларды қамтиды. Кейбір он-лайн курстарға электронды кітаптар қарастырылған. Білім алушылар аудио-видео форматтағы файлдармен жұмыс істеп, тақырыпқа қатысты қосымша материалдармен жұмыс істеу мүмкіндігіне ие.

Тілді үйренушілердің білім көзіне Интернет дүкендер мен кітапханалар танылған. Мысалы, веб-портал «Library Genesis» білімгерлердің өзіндік оқуы үшін үлкен көлемдегі

аутенттік материалдар қатары ұсынылған. Бұл веб-порталдағы материалдар Америка, Ұлыбритания және ағылшын тілді жетік меңгерген ғалымдар мен мамандардың үздік жұмыстар жинағы болып табылады. Сонымен қатар, www.curator.ru сайтында электронды материалдарға қолданысқа рұқсат берілген желідегі аналогиялық проект ретінде танылған. Ұстаздар мен білімгерлердің қызметіне белгілі тақырыптарға байланысты дәрістер жазбасы мен қосымша материалдар YouTube ресурсында уақытылы берілген. Әлемдегі интернеттік білім алуға мүмкіндік беретін компания Apple болып табылады. iTunesU атты проекттік жұмыс студенттерге үш жыл қатарынан әлемдік үздік профессорлардың лекцияларын жүктеуге, көруге және тыңдауға мүмкіндік беруде. [6]

Интернет-ресурстарын қолдану арқылы білімгерлердің ағылшын тілінен білімділіктерін арттыру және оның ерекшеліктерін анықтау мақсатында **Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің** B1-B2/Intermediate деңгейдегі студенттеріне тәжірибелік жұмыс жасалынды. Көздеген мақсатымызға жету үшін студенттерге заманауи технологиялар көмегіне жүгіне отырып, оқу базасымен белгіленген жоспарына сәйкес грамматикалық тақырыптарды, коммуникативтік құзіреттіліктерін арттыру және мәдениетаралық білімділіктерінің даму сапасын бақылау негізге алынған. Бұл тәжірибе барысы ақпан-сәйің айлары мерзімі аралығында жүзеге асырылды.

Тәжірибе барысында студенттер ағылшын тілінен білімділіктерін дамытуға арналған негізгі үш сайт қолданылды. Бұл сайттардың көмегімен студенттер ұстаздың бағыттауымен ағылшын тілі сабағының тақырыбына байланысты түрлі жаттығулар орындады, чат-боксқа қатысты, түрлі шығармашылық жұмыс жасау қабілеттерін арттыру мақсатында түрлі проекттік жұмыстар атқарды, түрлі жанрдағы әдебиеттер оқылды және ағылшын тілінде фильмдер көре отырып, анализ жасауға машықтанды.

№1 кесте. Тәжірибе барысында қолданылған сайттар.

1	Dave's Cafe (http://www.eslcafe.com)	Дейв Сперлингтың ағылшын тілін үйренушілерге арналған әлемнің түпкіріндегі студенттер, ұстаздар және жалпы қолданушылардың кездесетін арнайы виртуалды кафесі болып табылады. Бұл сайттағы материалдар ресурсы келесі категориялар бойынша сұрыпталған: ғылыми мақалалар; конференциялар; іскерлік ағылшын; сөздіктер; Энциклопедиялар; ағылшын тіліндегі әндер; фильмдер мен сценарийлер; фонетика; түрлі деңгейлік және грамматиканы игеру білімділіктерін тексеру мақсатындағы тесттер; грамматиканы игеруге арналған материалдар қоры мен арнайы жаттығулар; әдебиеттер; журнал мен газеттер және т.б.
2	English Club (http://www.englishclub.com)	Кембридж (Ұлыбритания) Университетінің жобасы бойынша құрылған сайт. Бұл сайтта ағылшын тілінің грамматикасы, лексикасы, тыңдалымы мен жазуын үйренушілерге арналған ауқымды ресурстық сайт болып табылады. Студенттердің қызығушылығын арттыру мақсатында сайт жобасы бойынша түрлі проблемалық сұрақтарды талқылауға арналған форумдар және чаттармен қамтамасыз етілген.
3	Speech activities (http://www.quia.com/speech.tml)	Ағылшын тілінің сөйлеу дағдыларын дамытуға арналған сайт. Сонымен қатар, бұл сайтта Quia сайты шаблоны негізінде жасалынған әлемдік үздік ұстаздардың фонетика, лексика, грамматика бойынша жаттығулар қоры бар.

Бұл тәжірибенің қорытындысы бойынша Интернет-ресурстарының ағылшын тілін үйренуде төмендегідей артықшылықтары анықталды:

1. Уақыт пен кеңістік үнемі;
2. Статистикаларды қолданушылық;
3. Мәліметтер қорының үнемі жаңартылуы;
4. Бір уақытта бірнеше дереккөздерімен жұмыс жасау мүмкіншілігі;
5. Материалдардың тілдік деңгейлік және жас ерекшелігіне байланысты сұрыпталуы;

6. Кері байланыстың болуы;
7. Баспалық басылымға қарағанда құнының төмен болуы;
8. Жеке бас уақыт режиміне ыңғайлы болушылығы.

Зерттеу жұмысының қойылған мақсаты келесідей міндеттердің орындалуын қажет етті:

- Зерттеудің мәселесіне арналған теориялық материалдарды зерттеу (ағылшын тілін Интернет ресурсы арқылы үйрену және тілдік қабілеттерді дамыту);
- Интернет желісіндегі бағдарламалық және аутенттік ресурстарының ағылшын тілін оқыту үрдісінде практикалық қолданудың анализі;
- Интернет пен заманауи білім жүйесінің өзара әрекеттесуі және оның ағылшын тілінің дамуына әсер етеуін анализдеу;

Қорыта келе, тәжірибелік жұмыс ойдағыдай өтті. Студенттердің тілдік қабілеттері артып, білімділік деңгейлері екі ай ішінде 20-30 %-ға артты. Бұл статистикалық көрсеткіш студенттердің тәжірибе соңында жазылған бақылау жұмыстары негізінде алынды. Бұл интернет-ресурстарының қолданылуы білім сапасымен арттыра отырып, сабақ барысын қызығырақ және білімгерлердің критикалық ойлау қабілетінің дамуына себепкер болды. Жалпы, Интернет желілік ресурстарын ағылшын тілін меңгеру процесінде қолдану - бұл оның нәтижелігіне қолайлы жағдайды жасаудың бірден – бір жолы, ал ол өз кезегінде ұстаз бен студенттің бірлесе жұмыс жасауға, шығармашылық жұмыстардың іске асуына себепкер болады. Оқытуға жаңашыл көзқарасты қолдану, тәжірибеге бағытталған оқытудың үлкен жетістігі болып табылады, сондай-ақ оның сапасы алынған білімнің нақты жағдайда мақсатқа жетумен қатар өмірдің сапасын көтеруде үлкен сұранысты қанағаттандыруды қамтамасыз етуі сөзсіз мәлім.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Богомолов А.Н. Виртуальная языковая среда обучения русскому языку как иностранному (лингвокультурологический аспект). М.:МАКС Пресс, 2008.
2. Аяжанов С.С., Сатымбекова С.Б. Компьютерлік желілер. – Алматы, 2011 ж.
3. <http://article.ranez.ru/id/347//>
4. Teeler D., Gray P. How to use the Internet in ELT.- London-Longman.
5. Роль интернет-ресурсов в обучении иностранным языкам в неязыковом вузе. [Электронный ресурс]/О.Л. Королева, Е.Н. Холезова, С.М. Маслова, Т.Б. Садткова// Вопросы методик преподавания в ВУЗе. Выпуск 10: Сборник статей.-СПб.: Нестор, 2007.-С.138-143
6. Library-Info-Pro. New technologies and Trends in the Practice of a University Library. Volume 1, Moscow , 2002.